



**МАГИСТР  
АПТАЛЫҒЫ**

Жабагина Сұлубике Ерұланқызы

2019 жылы Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік  
университетін бітіріп, “Филология  
мамандығы” бойынша Магистр  
дәрежесін алдым.





Қазіргі уақытта  
“16 орта мектебінде”  
қазақ тілі пәнінің  
мұғалімі болып  
қызмет атқарамын.



Ең бірінші еңбек  
жолын бастаған  
уақытым.  
Жас Маман 2017жыл  
қыркүйек

Мен үшін ұстаздық – жай ғана мамандық емес, бұл үлкен жауапкершілік пен жүрек қалауы.




# МАГИСТРЛІК ҰСТАНЫМЫМ

Менің педагогикалық ұстанымым:

- Әр бала – жеке тұлға
- Сабақ қызықты әрі түсінікті болуы керек
- Оқушы белсенді қатысушы болуы тиіс

Мен оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, өз ойын еркін жеткізуіне және тілдік құзыреттілігін арттыруға мән беремін.



# ЕҢ СӘТТІ ШЫҚҚАН САБАҒЫМНЫҢ БІРІ

Пәні: Қазақ тілі

Сынып: 4 «А»

Тақырыбы: «Еңбек адамдары»

Бұл сабақта оқушылар әр мамандықтардың маңызын терең түсінді.

- ◆ Сабақ басында психологиялық ахуал қалыптастырдым
- ◆ -шы/-ші жұрнағын талдадық
- ◆ ЖИ арқылы «Мамандық пазлдары» әдісін қолдандым
- ◆ «Дұрыс-бұрыс» ойыны арқылы бекіттік
- ◆ Сергіту сәтін ұйымдастырып, сонымен қатар түрлі ойындар ойнадық.

Оқушылар топпен жұмыс жасап, постер қорғады.

Сабақта интерактивті әдістер мен ойын элементтері қолданылды.





# НӘТИЖЕСІ:

- Оқушылар белсенді қатысты
- Әр мамандықтардың маңызын түсінді
- Сөздік қорлары артты
- Өз ойларын еркін жеткізді



Бұл сабақ маған дұрыс жоспарлау мен белсенді әдістердің тиімді екенін көрсетті.

# МЕНІҢ ҚОЛЫМНАН КЕЛЕДІ



- ✓ Сабақ жоспарын талапқа сай құрастыру
- ✓ Оқу мақсаттарына сай тапсырмалар дайындау
- ✓ Интерактивті әдістер қолдану
- ✓ Оқушыларды топтық жұмысқа ұйымдастыру
- ✓ Қалыптастырушы бағалау жүргізу
- ✓ Цифрлық платформаларды пайдалану

Мен білім беру сапасын арттыруға және кәсіби дамуыма үнемі көңіл бөлемін.

Мектептен тыс уақытта мен сұлулық саласымен айналысамын.

Мен кірпік пен қас ламинирлеу қызметін көрсетемін.

Бұл хобби маған:

- шығармашылық қабілетімді дамытуға
- ұқыптылық пен жауапкершілікті арттыруға
- адамдарға әдемілік пен сенімділік сыйлауға көмектеседі

Ламинирлеу – кірпікті табиғи түрде ұзын, қалың әрі әдемі етіп көрсететін заманауи процедура.

Бұл іс мен үшін тек табыс көзі емес, сонымен қатар сүйікті шығармашылық жұмысым.



# ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, магистрлік білім мен ұстаздық тәжірибе менің кәсіби дамуымның маңызды кезеңі болды.

Мен үшін мұғалім болу — үлкен жауапкершілік пен мақтаныш.

Алдағы уақытта да өзімді жетілдіріп, шәкірттерімнің жетістігі үшін еңбек етемін.

Назарларыңызға рахмет!